

# Қарағанды облысы бойынша қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетені

№1 шығарылым  
Қаңтар 2022 жыл



Қазақстан Республикасы Экология, геология  
және табиғи ресурстар министрлігі  
«Қазгидромет» РМК  
Қарағанды облысының филиалы

	<b>МАЗМҰНЫ</b>	<b>Бет</b>
	<b>Кіріспе</b>	3
<b>1</b>	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
<b>2</b>	Ауа ластануының сипаттамасы	4
<b>3</b>	Жер үсті сулар сапасының жағдайы	21
<b>4</b>	Радиациялық жағдай	23
<b>5</b>	Атмосфералық жауын-шашынның сынамаларың іріктеу	23
	<b>Қосымша 1</b>	24
	<b>Қосымша 2</b>	26
	<b>Қосымша 3</b>	29
	<b>Қосымша 4</b>	30

## **Кіріспе**

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Қарағанды облысының аумағындағы қоршаған ортаның жағдайы туралы мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

## Қарағанды облысының атмосфералық ауа сапасын бағалау

### 1. Қарағанды облысының атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

«Қарағанды облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесінің мәліметтері бойынша Қарағанды облысында қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын 332 кәсіпорын бар. Стационарлық көздерден ластаушы заттардың жалпы шығарындылары 585 мың тоннаны құрайды.

Ластанудың негізгі көздері - автомобиль көлігі, қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ХМЗ кәсіпорындары, жылу электр орталығы, құю-механикалық зауыты, теміржол көлігі кәсіпорны, автокөлік кәсіпорындары.

### 2. Қарағанды қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Қарағанды қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 7 бақылау бекетінде, оның ішінде 4 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 3 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 13 көрсеткіш анықталады:

1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фенол; 9) күкіртті сутегі; 10) формальдегид; 11) озон; 12) аммиак, 13) күшәла.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1 кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы (ескі аэропорт аумағы)	қалқыма бөлшектер (шаң); күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; азот оксиді, формальдегид, фенол; күшәла
3		Абай көшесі, 1 мен Бұқар-Жырау даңғылы бұрышы	
4		Бирюзов көшесі, 22 (жаңа Майкұдық)	
7		Ермеков көшесі, 116	
5	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; азот оксиді; күкірт сутегі, озон
6		Архитектурная көшесі, 15/1 уч.	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; азот оксиді; күкірт сутегі; аммиак, озон, гамма-фон.
8		Ардақ көшесі (Пришахтинск)	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; азот оксиді; күкірт

			сутегі; аммиак, озон.
<b>ЖШС «Экосервис» бақылау бекеттері</b>			
<b>№</b>	<b>Сынама алу</b>	<b>Бекет мекен-жайы</b>	<b>Анықталатын қоспалар</b>
43	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	КШДС №33, Кемеровская көш 36/2	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді
46		«Жулдыз» бала бақшасы, Карбышев көш 13	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді
48		«Назик» бала бақшасы, Победа көш 107 а	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді
49		«Балауса» бала бақшасы, Волочаевская көш 42	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді; күкірт сутегі
50		«Балбобек» бала бақшасы, 13 ықшам ауданы 20/1	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді, күкірт сутегі
51		«Алпамыс» бала бақшасы, Коцюбинский көш 25	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді
171		«Гульнур» бала бақшасы, Абылкадыр-Аюпов көш 33	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді
172		№58 мектебі, Ермеков көш 9	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді
173		№ 5 емханасы, Муканов көш, 5/4	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді
174		№44 мектебі, Учебная көш 7	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді

Қарағанды қаласында қол күшімен алынатын бекеттерден бөлек қозғалмалы зертхана Пришахтинск қаласында (Қосымша 1) 11 көрсеткіш бойынша: 1)аммиак; 2)қалқыма бөлшектер; 3)азот диоксиді; 4)күкірт диоксиді; 5)азот оксиді; 6)көміртегі оксиді; 7)күкіртті сутегі; 8)көмірсутектер; 9)фенол; 10) формальдегид әрекет жасайды.

**Қарағанды қаласындағы атмосфералық ауаның 2022 жылдағы қантар айы бойынша жай-күйі**

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі өте жоғары болып бағаланды, СИ=30,7 -ге тең (өте жоғары деңгей) №6 бекет аумағында (Архитектурная көшесі,15/1 уч.) РМ 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды (СИ>10 кезінде 9 күн).

*\*БҚ деректері бойынша, егер СИ>10 болса, онда ЕЖҚ орнына, кем дегенде бір бақылау кезеңінен бастап СИ<sub>і</sub>>10 күндер саны анықталады*

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 30,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 16,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, шаң – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртсутегі – 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 2,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub> басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 8,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 5,0 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенол – 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон – 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

**Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайы:** 2022 жылғы 1, 2, 11, 12, 22, 23, 25, 27, 28 қаңтар №6 (Архитектурная көшесі, 15/1 уч.) және №8 (Ардақ көшесі (Пришахтинск)) автоматты бақылау бекеттерінің мәліметі бойынша РМ 2,5 қалқыма бөлшектерінің 177 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) (10,0-30,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>) тіркелген.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте

### Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бірреттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м³	ШЖШ о.т. асуесе лігі	мг/м³	ШЖШ м.б. асуесе лігі.	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Қарағанды қ.								
Қалқыма бөлшектер(шаң)	0,111	0,738	0,700	1,400	5,8	6		
Қалқыма бөлшектерPM-2,5	0,298	8,509	4,911	30,692	100	3551	594	162
Қалқыма бөлшектерPM-10	0,299	4,989	4,914	16,381	49,6	1726	203	15
Күкірт диоксиді	0,027	0,549	0,520	1,040	0,05	1		
Көміртегі оксиді	1,386	0,462	13,700	2,740	10,1	245		
Азот диоксиді	0,048	1,204	0,292	1,461	10,3	230		
Азот оксиді	0,009	0,157	0,257	0,643				
Озон (жербеті)	0,032	1,068	0,124	0,776				
Күкіртсутегі	0,002		0,016	1,963	1,2	28		
Аммиак	0,022	0,554	0,066	0,331				
Фенол	0,005	1,514	0,007	0,700				
Формальдегид	0,009	0,926	0,015	0,300				
Гамма-фон	0,110		0,130					
Күшәла	0,0001	0,333						

### Қарағанды қаласының эпизодтық бақылаулар бойынша сипаттама


Қоспа	Елді мекеннің атауы							
	Нүкте №1 (Шахтинск)		Нүкте №2 (Шахтинск)		Нүкте №1 (Пришахтинск)		Сортировка ауд.	
	мг/м <sup>3</sup>	ЦДК	мг/м <sup>3</sup>	ЦДК	мг/м <sup>3</sup>	ЦДК	мг/м <sup>3</sup>	ЦДК
Аммиак	0,1	0,5	0,015	0,08	0,021	0,04	0,2	1
Қалқыма бөлшектері	0,09	0,18	0,09	0,18	0,09	0,18	0,12	0,24
Азот диоксиді	0,01	0,05	0,008	0,04	0,018	0,09	0,192	0,96
Күкірт диоксиді	0,012	0,02	0,018	0,04	0,021	0,04	0,371	0,74
Азот оксиді	0,018	0,05	0,012	0,03	0,12	0,30	0,374	0,94
Көміртегі оксиді	1,7	0,3	1,2	0,2	1,2	0,2	5,2	1,0
Күкірт сутегі	0,001	0,12	0,001	0,13	0	0,13	0,007	0,88
C <sub>1</sub> -C <sub>10</sub> көмірсулары	57,4		60,1		61,2		72,4	
Фенол	0,007	0,7	0,007	0,7	0,007	0,7	0,008	0,8
Формальдегид	0	0	0	0	0	0	0	0

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: аммиак – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub> ( Сортировка ауд.) құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (3 кесте).

#### Қорытынды:

Соңғы 5 жылда атмосфералық ауаның өзгерісі келесі диаграмма бойынша сипатталады:

#### Қарағанды қаласының 2018-2022 жылдар аралығындағы қаңтар айының СИ және ЕЖҚ салыстырмалы көрсеткіштері



Графикте көрсетіліп тұрғандай қаңтар айы барлық жылдар бойынша жоғары көрсеткішке ие. 2022 жылдың қаңтар айындағы «ЕЖҚ» көрсеткіші жоғары дәрежені көрсетті.

Ең жоғарғы бір реттік ШЖШ-тан асу есіліктері: қалқымалы бөлшектері РМ-2,5 (3551), қалқымалы бөлшектері РМ-10 (1726), шаң (6), көміртегі оксиді (245), азот диоксиді (230), күкіртсутегі (28), күкірт диоксиді (1) бойынша тіркелді.

Орташа тәуліктік көрсеткіштердің орташа ШЖШ-тан асу еселіктері: қалқымалы бөлшектері РМ-2,5, РМ 10, фенол, **көбіне қалқымалы бөлшектері РМ-2,5 бойынша тіркелді.**

Бұл ластану жылу энергетикалық кәсіпорындар мен жеке секторды жылыту шығарындыларының әсерімен қатар жүретін қысқы маусымға тән.

Көп жылғы ластану көрсеткіші «ЕЖҚ» мәліметтері бойынша қалқыма бөлшектері РМ-2,5; РМ-10, күкірт сутегі және көміртегі оксиді ауа ластануының жылу энергетикалық кәсіпорындар мен жеке секторды жылыту шығарындыларынан болатындығын байқауға болады.

## 2.1 Метеорологиялық жағдайлар.

Ауа ластануының қалыптасуына ауа-райы да әсер етті, сондықтан 2022 жылдың қаңтар айында КМЖ-мен 7 күн байқалды (тынық ауа-райы және 0-3м/с әлсіз жел).

**2.2 ЖШС «Экосервис С»** бақылау желісінің деректері бойынша Қарағанды қаласының атмосфералық ауасы **жоғары деңгей**, № 51 бақылау бекет аумағында («Алпамыс» бала бақшасы, Коцюбинский көш 25) қалқыма бөлшектері РМ-2,5 бойынша бағаланды.

4 кесте

### Қарағанды қаласының ЖШС «Экосервис» атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр	Ең жоғарғы бірреттік шоғыр	ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м <sup>3</sup>	мг/м <sup>3</sup>	%	>ПДК	>5ПДК	>10ПДК
<b>Қарағанды қ.</b>						
Қалқыма бөлшектері РМ-2,5	0,032	0,730	4,563	654		
Қалқыма бөлшектері РМ-10	0,043	1,120	3,733	289		
Күкірт диоксиді	0,081	0,370	0,740			
Көміртегі оксиді	0,108	29,950	5,990	1	1	
Азот диоксиді	0,036	0,170	0,850			
Күкірт сутегі	0,000	0,000	0,00			

## 2.2. Саран қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте 5 қоспа анықталады: 1) қалқыма бөлшектері РМ-10; 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді.

## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	Қалқыма бөлшектері РМ-10 көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді

## Саран қаласындағы атмосфералық ауаның 2022 жылдағы қаңтар айы бойынша жай-күйі

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төменгі** болып бағаланды, СИ=1 №2 бекет аумағында (Саран көшесі, 28а) азот диоксиді бойынша анықталды және ЕЖҚ=0% .

Максималды бір реттік айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік нормативтер ШЖШ-дан аспады.

**Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайы:** ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) тіркелген жоқ (6 кесте).

## Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м³	ШЖШ <sub>о.т.</sub> асуеселігі	мг/м³	ШЖШ <sub>м.б.</sub> асуеселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
<b>Саран қ.</b>								
Қалқыма бөлшектері РМ-10	0,000	0,000	0,000	0,000				
Күкірт диоксиді	0,003	0,052	0,019	0,038				
Көміртегі оксиді	0,841	0,280	2,928	0,586				
Азот диоксиді	0,022	0,549	0,071	0,355				
Азот оксиді	0,004	0,074	0,005	0,012				
Озон	0,003	0,099	0,042	0,260				

## 2.3. Абай қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте 7 қоспа анықталады: 1) қалқыма бөлшектері РМ-2,5; 2) қалқыма бөлшектері РМ-10 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді; 6) азот оксиді; 7) озон

## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	Абай көшесі	қалқыма бөлшектері РМ-2,5, қалқыма бөлшектері РМ-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон

## Абай қаласындағы атмосфералық ауаның 2022 жылдағы қаңтар айы бойынша жай-күйі

Бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 №1 бекет аумағында (*Абай көшесі*) қалқыма бөлшектері РМ-2,5 бойынша анықталды және ЕЖҚ=1%.

*\*БҚ деректері бойынша, егер АЛИ, СИ, ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштерінің ең жоғарғы мәні АЛИ бойынша бағаланады.*

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 2,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (8 кесте).

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді-2,7 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон-1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

**Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайы:** ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) тіркелген жоқ.

8 кесте

### Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бірреттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м³	ШЖШ <sub>о</sub> т. асуеселі гі	мг/м³	ШЖ Шм.б. асуесел ігі.		%	>ШЖ Ш	>5 ШЖ Ш
Абай қ.								
Қалқыма бөлшектерPM-10	0,0430	0,72	0,3808	1,27	0,27	5		
Қалқыма бөлшектерPM-2,5	0,0396	1,13	0,3625	2,27	2,01	37		
Күкірт диоксиді	0,0036	0,07	1,1095	2,22	0,11	2		
Көміртегі оксиді	0,619275	0,21	4,1144	0,82	0,00			
Азот диоксиді	0,1070	2,68	0,1782	0,89	0,00			
Озон	0,0400	1,33	0,0719	0,45	0,00			
Азот оксиді	0.0000	0.00	0.0000	0.00	0.00			

## 2.4. Балқаш қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Балқаш қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 бақылау бекетінде, оның ішінде 3 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 14 көрсеткіш анықталады:

1) қалқыма бөлшектер (*шаң*); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) аммиак; 9) күкіртті сутегі; 10) кадмий; 11) қорғасын; 12) күшала; 13) хром; 14) мыс.

9-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Микрорайон «Сабитова» (ОМ № 16 маңайында)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көмірсутегі оксиді, азот диоксиді, кадмий, мыс, күшәла, қорғасын, хром.
3		Томпиева көшесі, №4 үйден солтүстікте	
4		Сейфулина көшесі(аурухана қалашығы, СЭС маңайында)	
2	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	Ленина көшесі, №10 үйден төменірек	Күкірт диоксиді, көмірсутегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірт сутегі, аммиак, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері.
<b>ЖШС «Экосервис» бақылау бекеттері</b>			
№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
53	Үздіксіз режимде	о/м №10	қалқыма бөлшектер РМ-2,5; қалқыма бөлшектер РМ-10; күкірт диоксиді; көміртегі оксиді; азот диоксиді, күкірт сутегі.
184		кафе "Созвездие"	
185		с /ү Мирей	
186		қонақ үй "Алатау"	
187		б/б Ер тостик	

Балқаш қаласында қол күшімен алынатын бекеттерден бөлек қозғалмалы зертхана (қосымша 1) 12 көрсеткіш бойынша: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) аммиак ; 3) бензол ; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) көміртегі диоксиді; 9) күкіртті сутегі; 10) көмір сутегі сомасы, 11) озон (жербеті), 12) хлор сутегі әрекет жасайды.

### Балқаш қаласындағы атмосфералық ауаның 2022 жылдағы қаңтар айы бойынша жай-күйі

Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша, атмосфералық ластану көтерілген деңгейі болып есептелді, оның шамасы №2 бақылау орнының (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек) ауданында күкірт сутегі бойынша СИ=2-ге (көтерілген деңгейі) қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша НП=0%-ға тең.

*\*БҚ деректері бойынша, егер СИ және ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі осы көрсеткіштердің ең үлкен мәнімен бағаланады.*

Максималды бір реттік айлық шоғырлары күкірт сутегі – 2,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, қалған ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа тәуліктік шоғыры - 1,3 ШЖШ<sub>от.</sub>, қалған ластанушы заттардың орташа айлық шоғырлар ШЖШ<sub>от</sub> - дан асқан жоқ.

**Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.**

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 10-кестеде көрсетілген.

## Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бірреттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м³	ШЖШ о.т. асуесел ігі	мг/м³	ШЖ Ш.б . асуесе лігі.	%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Балқаш қ.								
Қалқыма бөлшектер(шаң)	0,20	1,30	0,50	1,00				
Қалқыма бөлшектерPM-2,5	0,00	0,00	0,00	0,00				
Қалқыма бөлшектерPM-10	0,00	0,00	0,00	0,00				
Күкірт диоксиді	0,01	0,10	0,57	1,13	0,1	2		
Көміртегі оксиді	0,20	0,10	2,30	0,45				
Азот диоксиді	0,01	0,31	0,13	0,66				
Азот оксиді	0,01	0,81	0,26	0,64				
Күкіртсутегі	0,000		0,019	2,34	0,04	1		
Аммиак	0,000	0,05	0,020	0,12				
Кадмий	0,0000023	0,008						
Қорғасын	0,000061	0,202						
Күшәла	0,000067	0,223						
Хром	0,0001311	0,087						
Мыс	0,000105	0,053						

## Балқаш қаласының эпизодтық бақылаулар бойынша сипаттама

Балқаш қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте –17 орамы, "Фудмарт" дүкені ауданы;, №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткіші ауданы; №3 нүкте – «Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.


Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>м</sub> /ШЖШ	q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>м</sub> /ШЖШ	q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>м</sub> /ШЖШ
Аммиак	0,009	0,045	0,010	0,050	0,006	0,030
Бензол	0,064	0,21	0,068	0,23	0,055	0,18
Қалқыма бөлшектері	0,035	0,070	0,030	0,060	0,029	0,058
Күкір диоксиді	0,0000	0,0000	0,0812	0,1624	0,1131	0,2261
Азот диоксиді	0,006	0,030	0,006	0,030	0,007	0,035
Азот оксиді	0,007	0,018	0,006	0,015	0,006	0,015
Көміртегі оксиді	3,18	0,64	4,25	0,85	5,08	1,02
Көміртегі диоксиді	1240,0		1170,0		513,0	
Күкіртті сутегі	0,0005	0,0625	0,0010	0,1250	0,0017	0,2125
Көмір сутегі сомасы	7,7		9,0		8,7	
Озон (жербеті)	0,005	0,031	0,007	0,044	0,005	0,031
Хлор сутегі	0,014	0,070	0,014	0,070	0,011	0,055

Бақылау деректері бойынша, көміртегі оксиді максималды бір реттік шоғыры шамасы – 1,02 ШЖШ<sub>м.б</sub> (№3 нүкте). Қалған анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген норма шамасында болды (11-кесте).

### Қорытынды:

Соңғы 5 жылда атмосфералық ауаның өзгерісі келесі диаграмма бойынша сипатталады

### Балқаш қаласының 2018-2022 жылда қаңтар айының СИ және ЕЖҚ салыстырмалы көрсеткіштері



Кестеден көріп отырғанымыздай, қаңтар айында соңғы бес жыл ішінде ең жоғары қайталану деңгейі төмендейді.

Күкірт диоксиді бойынша ең жоғары бір реттік ШЖК артуының ең көп саны байқалды (2).

Орташа тәуліктік шоғырлану нормативтерінің асып кетуі қалқыма бөлшектерінің (шаң) бойынша байқалды (1,3).

"Ең көп қайталану" («ЕЖҚ») көрсеткішінің көп жылдық ұлғаюы немесе төмендеуі негізінен қалқыма бөлшектердің (шаңның), күкірт диоксидінің және күкіртсутегінің есебінен байқалды, бұл қала кәсіпорындары мен өндірістерінің ауаның ластануына елеулі үлес қосатынын айғақтайды. Ауа ластануының қалыптасуына ауа-райы жағдайлары, қатты желдер, желдің жиі өзгеретін бағыты әсер етеді.

**4.1 ЖШС «Экосервис С»** бақылау желісінің деректері бойынша қаласының атмосфералық ауасы **көтерілген** болып бағаланды, №186 (қоннақ үйі "Алатау")-қалқыма бөлшектері РМ-2,5 бойынша.

12 кесте

### Балқаш қаласының ЖШС «Экосервис» атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр	Ең жоғарғы бірреттік шоғыр	ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны
-------	--------------	----------------------------	-----	-----------------------------

	мг/м <sup>3</sup>	мг/м <sup>3</sup>	%	>ПДК	>5ПДК	>10ПДК
<b>Балқаш қ.</b>						
Қалқыма бөлшектері РМ-2,5	0,023	0,743	0,8	52		
Қалқыма бөлшектері РМ-10	0,029	0,795	0,1	7		
Күкірт диоксиді	0,007	0,487				
Көміртегі оксиді	0,039	0,253				
Азот диоксиді	0,076	0,140				
Күкірт сутегі	0,000	0,004				

## 2.5. Жезқазған қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Жезқазған қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 3 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі.

Жалпы қала бойынша 14 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді; 6) азот оксиді; 7) фенол; 8) күкіртті сутегі; 9) аммиак; 10) кадмий; 11) мыс; 12) күшәла; 13) қорғасын; 14) хром.

13-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

13 кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігін е 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4 Г	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
3			Желтоқсан көшесі, 481	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М. Жәлел көшесі, 4В	РМ-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак, күкіртті сутек
<b>ЖШС «Экосервис» бақылау бекеттері</b>				
52	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Орта мектебі № 26, Абая көшесі, 30	РМ-10 қалқыма бөлшектер, РМ 2,5 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек
176			Мектебі № 13, Гоголя көшесі, 9	
177			Нагорная көшесі, 15/Зеленая көшесі, 15	
175			Гимназия № 8, Исака Анаркулова көшесі, 18	РМ-10 қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, көміртегі оксиді
189			ТЖ Вокзалы, Балхашская көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер, көміртегі оксиді

## Жезқазған қаласындағы атмосфералық ауаның 2022 жылдағы қаңтар айы бойынша жай-күйі

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **өте жоғары деңгей** болып бағаланды, ЕЖҚ = 60 % (өте жоғары деңгей) күкіртті сутектің бойынша № 1 – бекеттің аумағында (М. Жәлел көшесі, 4 В) және СИ = 6 (жоғары деңгей) күкіртті сутектің бойынша № 1 – бекеттің аумағында (М. Жәлел көшесі, 4 В) анықталды.

*\*БҚ деректері бойынша, егер СИ және ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану дәрежесі осы көрсеткіштердің ең үлкен мәнімен бағаланады.*

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: фенолдың – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутектің – 6,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша асу шоғырлары: фенолдың – 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

**Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайы:** ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам).

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 14-кестеде көрсетілген.

14 кесте


### Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бірреттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ <sub>о.т.</sub> асуеселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ <sub>м.б.</sub> асуеселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
<b>Жезқазған қ.</b>								
Қалқыма бөлшектер(шаң)	0,146	0,975	0,200	0,400				
Қалқыма бөлшектерPM-10	0,003	0,050	0,048	0,160				
Күкірт диоксиді	0,013	0,258	0,284	0,569				
Көміртегі оксиді	0,241	0,080	2,000	0,400				
Азот диоксиді	0,026	0,656	0,070	0,350				
Азот оксиді	0,007	0,121	0,020	0,050				
Күкіртсутегі	0,011		0,040	6,300	60,00	1338	8	
Аммиак	0,00	0,00	0,00	0,00				
Фенол	0,004	1,467	0,012	1,200	10,61	8		
Кадмий	0,0000042	0,014						
Қорғасын	0,00005	0,161						
Күшәла	0,000025	0,082						
Хром	0,000013	0,0084						
Мыс	0,00009	0,046						

### Қорытынды:

Соңғы 5 жылда атмосфералық ауаның өзгерісі келесі диаграмма бойынша сипатталады:

#### Жезқазған қаласының 2018-2022 жылдардың қаңтар айының СИ және ЕЖҚ салыстырмалы көрсеткіштері



Кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы бес жылда қаңтар айындағы ластану деңгейі салыстырмалы түрде тұрақты. 2021 жылдың қаңтарымен салыстырғанда ластану деңгейі артты.

Ең жоғарғы бір реттік ШЖШ-тан асу есіліктері: фенолдың (8) және күкіртсутегі (1338) бойынша тіркелді. Орташа тәуліктік көрсеткіштердің орташа ШЖШ-тан асу есіліктері фенолдың бойынша тіркелді.

Көп жылғы ластану көрсеткіші «ЕЖҚ» мәліметтері бойынша күкіртсутегі және фенол тіркелді

ЖШС «Экосервис С» бақылау желісінің деректері бойынша Жезқазған қаласының атмосфералық ауасы **жоғарғы деңгей** болып бағаланды, № 52 бақылау бекет аумағында (Орта мектебі № 26, Абая көшесі, 30) күкіртсутегі бойынша.

15 кесте

#### Жезқазған қаласының ЖШС «Экосервис» атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр	Ең жоғарғы бірреттік шоғыр	ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м <sup>3</sup>	мг/м <sup>3</sup>	%	>ПДК	>5ПДК	>10ПДК
Жезқазған қ.						
Қалқыма бөлшектері PM-2,5	0,031	0,997	7,005	204	73	
Қалқыма бөлшектері PM-10	0,037	1,000	6,674	155		
Күкірт диоксиді	0,006	0,801	0,337	7		
Көміртегі оксиді	0,035	0,142				
Азот диоксиді	0,066	0,137				
Күкірт сутегі	0,003	0,068	33,905	556	25	

## 2.6. Сәтбаев қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Сәтбаев қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 2 автоматты станцияда жүргізіледі.

Жалпы қала бойынша 5 көрсеткіш анықталады: 1) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 2) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді.

16-кестеде бақылау станцияларының орналасқан жері және әрбір станцияда айқындалатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

